

3

Ұлттық тәрбиеден
ұтылмаймыз

4

«Брендке бір қадам» –
бірегей жоба



3 желтоқсан, сейсенбі 2024 жыл

Сыр бойы

№186 (20860)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi



ЕЛШІНІ
ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжан Сюны қабылдады.

Әңгімелесу барысында Президент Қазақстан мен Қытайдың ғасырларға ұласқан берік достық пен тату көршілік қатынастар байланыстыратынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өзара сенім мен құрметке негізделген тиімді ынтымақтастықтың нығаюына екі тарап та үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы бүгінде Қазақстан мен Қытайдың ықпалдастығы қарқынды әрі сан қырлы сипат алғанын айтты. Екі ел арасында белсенді саяси диалог қалыптасты, сауда-экономикалық әріптестік өркендеді, мәдени байланыстар жанданды және білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалардың саны артты. Қауіпсіздік саласында, әсіресе, «үш зұлм күшке» қарсы күрес бағытында тығыз ынтымақтастық орнаған. Бұдан бөлек, елдеріміздің БҰҰ, ШЫҰ, АӨСПК аясындағы, сондай-ақ «Орталық Азия – Қытай» форматындағы халықаралық байланыстары белсенді өрбіп келеді. Президенттің айтуынша, Қазақстан мен Қытай тату көршілік қарым-қатынастың нағыз үлгісін көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Қытай елшісі Чжан Сюн Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Бейжіңнің жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға бейіл екенін растады.

Мемлекет басшысы Чжан Сюнның қазақ-қытай достығын табысты дамытуға, мемлекетаралық байланыстарды тереңдетуге қосқан үлесін жоғары бағалап, II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ТҮРКІСТАНДАҒЫ
«ARAL-2024»
САММИТІ

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясының ұйымдастыруымен Түркістан қаласында «ARAL-2024» халықаралық I саммиті өтті.

Арал теңізінің ахуалы адамзатты алаңдатып отыр. Орталық Азия және Каспий маңы елдері қоршаған ортаны, соның ішінде Арал теңізін қорғау бағытында ортақ келісімдер мен шешімдер қабылдап келеді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Бакудағы Дүниежүзілік климат саммитінде де Арал теңізін құтқару үшін нақты шаралар жасалып жатқанын атап өтті.

Климаттық өзгерістерге төтеп беру, апатқа ұшыраған Арал аумағын оңалту, трансшекаралық өзендердің су қорын тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану — жауапкершілігі мен маңызы жоғары кешенді жұмыс. Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы ауылды мәселелерді шешу үшін түрлі деңгейде бірлескен күш-жігер қажет екеніне назар аударғысы келеді. Осы орайда тұнғыш рет бірқатар мемлекеттегі жасылдар партияларының басын қосып жатқан «ARAL-2024» саммитінің арқалайтын жүгі ауыр.

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман

2025 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-на
ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ
ЖАЗЫЛУ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге

САПАР

МӘМІЛЕ – МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ
облыс әкімі Италияға жұмыс сапарымен барды



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірінің делегациясы Италияға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс компанияларының басшылары, кәсіпкерлер бар. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Сапардың негізгі мақсаты – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына инвестиция тарту. Жұмыс сапары аясында облыс басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Республикасының Италиядағы, Мальта және Сан-Марино Республикаларындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерболат Сембаевпен кездесті. Басқосуда Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастыққа бағытталған жұмыстар талқыланды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы отандық және шетелдік инвестиция тартып, халықтың әл-ауқатын арттыруды тапсырғаны белгілі. Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін талқылауға ие болғанымыз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Италия – Қазақстанның Еуропадағы ірі серіктестерінің бірі және біздің облысымыз итальяндық компаниялармен өзара тиімді байланыстарды одан әрі дамытуға мүдделі.

САПАР

ЖЕТІ ҚАБАТТЫ
ҮЙЛЕР СОЛ
ЖАҒАЛАУДЫҢ
СӘНІН КЕЛТІРДІ



Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге сол жағалаудағы жеті қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысымен танысты.

Бас мердігерлер – «Аман құрылыс», «Орион ЛТД», «Риголит», «Промстройсервис-Е», «Абу-Сер», авторлық қадағалаушы – «Қазақ Жоба Құрылыс» серіктестіктері атқарған жұмыстарды көрді.

Сыр өңірінде мемлекеттік қолдаудың арқасында «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында қаржыландырудың барлық көзінен 864 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39,1 млрд теңге қаралып, жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі. Ұлттық жоба аясында 1154 пәтерлік 21 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Әлеуметтік жағынан осал топтар үшін 1 819 пәтер, апатты үйлер орнына 135 пәтер сатып алу межеленген. Бүгінде аталған топтарға 780 пәтер сатып алынды. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

Тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті, 2022 жылы 683 мың шаршы метрден өткен жылы 741 мың шаршы метрге жетсе, жыл соңына дейін 864 мың шаршы метрге ұлғайту жоспарланған.

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ
КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Өткен сенбінде Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиев облыс тұрғындарымен кездесті.

Жастар ресурстық орталығында вице-министр алдымен жеке қабылдау өткізді. Одан кейінгі шара тұрғындармен жүздесуге жалғасты. Оған жергілікті департамент, инспекция және орман шаруашылығы мекемелерінің басшылары қатысты.

Кездесуде облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов аталған салада атқарылған жұмыс барысымен таныстырды.

Тұрғындар Арал теңізінің экологиялық мәселесі, Мемлекет басшысының алдағы бес жыл ішінде 1,1 млрд түп сексеуіл егу тапсырмасының орындалуы туралы сауалдар қойды.

Сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді пайдалану тақырыбы әңгіме өзегіне айналды. Оған вице-министр және жергілікті мамандар тұшымды жауап берді.

Н.Шәрбиев көтерілген мәселелердің өте өзекті екенін атап өтті. Бұл министрлік және жергілікті атқарушы органдардың жіті бақылауында тұрғанын жеткізді.

«СБ» ақпарат

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

ЫДЫС-АЯҚ СЫНСА,
ҮЙ ІШІНДЕ ЕДІ...

Әр отбасы шағын мемлекет десек, сол мемлекеттің кішігірім заңдары мен қағидалары болады. Соған қарамастан, елімізде кейінгі жылдары отбасылық зорлық-зомбылықтың саны артуда. Оны мамандар бірнеше себеппен байланыстырады. Ең негізгі фактор, бұл – әрине, әлеуметтік тұрақсыздық. Одан кейін маскүнемдік, нашарлық, отбасының қоғамнан оқшаулануы және жабық болуы, құмар ойындарға ауестену де әсер етеді. Сондай-ақ, моральдық-адамгершілік негіздердің құлдырауы, отбасы, тәрбие институтының әлсіреуі де негізгі себептердің бірі екенін айтады.

Осы кезге дейін әр үйдегі ыдыс-аяқтың сынғаны сыртқа естіле бермейтін. Қазір бұрынғыдай емес, отбасындағы әлімжеттік, өзара ұрыс-керіс ашық айтыла бастады. Бұл қоғамдағы құқықтық ақпараттардың кең таралуының көрінісі деуге болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері үшін жаза қатандатылды. Осы жылы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес талап та басқа. Қазір полиция жәбірленушінің арызсыз әкімшілік іс қозғайды. Сондай-ақ сотта татуласуға бір-ақ рет мүмкіндік бар. Сот шешімімен берілетін жазаның санкциясы 5-тен 25 тәулікке дейін ұзартылды. Облыстық ПД жергілікті полиция басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешовтың айтуынша, өңірде 10 айда тұрмыстық жанжал көрсеткіші төмендеген.

– Дегенмен, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту және қамауға алу саны артты. Сондықтан ауыр зардаптардың алдын алуға мүмкіндік тулды. Кейінгі жылдары осы салада заңнамалық өзгерістерден бөлек, басқа да бірқатар шара іске асырылды. Жәбірленушілермен жұмыс істеу тәсілдері қайта қаралды. Мұндай қылмыстарды тергеуге әйел тергеушілер маманданды. Қазір ІІМ-нің құрылымында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, оның ішінде әйелдер мен балаларды қорғау бойынша мамандандырылған бөлімшелер құрылды.

Заңнамалық түзетулердің арқасында қоғамда бұл мәселеге деген көзқарас өзгерді. Жәбірленушілер мұндай фактілерді белсенді хабарлай бастады. Шынымен қазір қоғам өзгерді. Зорлық-зомбылық құрбандарымен қатар, куәгерлер мұндай фактілерді тіпті ақпарат көздерінде ашық айтатын болды, – дейді ол.

Өз жақынынан зәбір көрушілердің артуы елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы жаңа заңның түрткі болды. Өзекті мәселеге Мемлекет басшысы да бейжай қарамайтынын байқатты. Биыл 15 сәуірде әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңға қол қойды. Ол 16 маусымнан бастап қолданысқа енді. Кәметекке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жаза күшейтілді. Түбегейлі өзгеріс деп ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру фактілерінің криминализацияланғанын айтуға болады. Жәбірленушілердің қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету үшін ерекше жағдайларда құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын талаптар шеңберінде сотқа оны тұрғын үйден (өзінің балама тұрғын үйі болмаса да) уақытша шығару құқығы берілді (30

тәулікке дейінгі мерзімге). Сондай-ақ сот агрессордың денсаулық сақтау ұйымдарында міндетті психологиялық курстардан өтуін тағайындауға құқылы. Қазір құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талап қою «Қылмыстық кодекс» шеңберінде де белгіленеді.

Мамандар тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы әрбір сигналға ден қоятынын алға тартады. Заң күшіне енгелі бері осы санаттағы 1618 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Облыс бойынша 494 қорғау нұсқамасы шығарылса, полицияның өтініші бойынша сот құқық бұзушының мінез-құлқына 57 ерекше талап белгілеген.

2-бет

МӘМІЛЕ – МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ облыс әкімі Италияға жұмыс сапарымен барды

Осы елдің ауыл шаруашылығы өнімдерін, машина жасау, баламалы энергия көздері салаларындағы мол тәжірибесі аса құнды. Біз осы тәжірибені игеруге қызығушылық танытудамыз. Іссапарымыз өзіңіздің қолдауыңызбен нәтижелі болады деп сенемін, – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Ерболат Сембаев өндірісті дамыту ел экономикасының маңызды бағыты екенін атап өтіп, екі ел арасындағы байланысты күшейтуде тиісті жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

Айта кетейік, өңірдегі мұнай қорының сарқылуы салдарынан 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі соңғы бір жылда оң динамикаға шықты.

Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Сыр өңірі өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны бойынша 2022 жылы республикада 11-орында болса, өткен жылдан бері алдыңғы қатарда.



Инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестициялық тартымдылықты арттыруда ірі инфра-

құрылымдық жобалар қолға алынды. Кейінгі 3 жылда облыста құны 30 млрд теңгені құрайтын 35 инвестициялық

жоба іске қосылды. Жуырда 16 млрд 600 млн теңгенің инвестициялық жобасы жүзеге асырылды. Инвестор 215 млрд теңгеге жаңа жобаның құрылысын жүргізуде. Жалпы құны 28 млрд теңгені құрайтын «жасыл» энергия саласын дамыту бағытындағы екі жоба бар. Атап айтқанда, 50 мегаватттық жел-электр («Уранус Уинд» ЖШС) және 40 мегаватттық күн-электр станцияларының («Тесис» ЖШС) құрылысы қазан айында басталды.

Сондай-ақ былтырғы Оңтүстік Корея сапарының нәтижесінде биыл Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Қазақстандағы алғашқы жасанды интеллект институты ашылды.

Айта кетейік, аймақ басшысы сапар барысында өндіріс, ауыл шаруашылығы, денсаулық, құрылыс салаларына инвестиция тарту мақсатында «Confindustria», «SGMGroup», тағы басқа ірі компаниялардың басшыларымен кездеседі.

Делегация әрі қарай Испанияның Барселона қаласында да осы бағыттағы кездесулер өткізеді деп жоспарланған.

БЕЙНЕБАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ТҮСІНДІРДІ

Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков Қызылорда облысы тұрғындары және қоғам өкілдерімен бейнебайланыс арқылы кездесу өткізді. Атқарылған жұмыстар жөнінде баяндама жасап, қолданыстағы заңнама шеңберінде түсініктемелер берді.

Вице-министр Мемлекет басшысының Жолдауындағы: «Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады» деген тапсырманың орындалуына тоқталды.

Министрлік жұртшылықтың талап-тілегіне ұдайы назар аударатынын, ха-

лықпен тығыз байланыста екенін атап өтті.

Бұдан әрі азаматтар сауалдарын тыңдап, қойылған сұрақтарға заңнама аясында жауап берді. Кездесуді облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы Ерлан Бердібаев жүргізіп отырды.

Жиынға облыстық қазынашылық департаментінің басшысы Өуезбек Дүйсенбаев, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Ербол Күзембаев қатысты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



ТАПСЫРМА

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбаев, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыс әкімі аппаратының басшысы Әділхан Мұхамедияров және жауапты сала басшылары Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы құрылыс нысандарына барды.



Алдымен Шиелі ауданы «Ал-малы» ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның және Шиелі кентіндегі «Руханият орталығының» құрылыс алаңдарындағы жұмыстармен танысты.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясындағы дәрігерлік амбулатория құрылысы маусым айында басталған. Жакын арада ел игілігіне табысталады деп күтілуде. Сонымен қатар, аудан орталығының «Ақ орда» мөлтек ауданындағы ипотекалық тұрғын үйлердің құрылыс барысы да тексерілді.

Бұл жердегі 122 пәтерлік тұрғын үйлер әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған.

Әрі қарай облыстық мәслихат төрағасы бастаған жұмысшы топ Жаңақорған ауданындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» құрылыс жұмыстарын көрді. Мұнда жер жұмыстары, іргетас қалау, монолитті колонна, ригель құю, кірпіш қалау, екі кабаттың да ішкі қабырғасын сылау, әрлеу, терезелерін орналастыру 100 пайыз аяқталған. Ендігі кезекте сыртқы капталып, абаттандырылуда. Жаңақорған кентіндегі «Руханият

орталығы» мен «Бесарық» ауылындағы №54 мектеп жанындағы 375 орындық қосымша оқу ғимаратының құрылыс алаңдарында да қызу жұмыс атқарылуда. Бастауыш сыныптарға арналған қосымша оқу ғимараты сәуір айында салына бастаған болатын, жыл соңына дейін қолданысқа берілімек.

Келесі бағыт – «Төменарық» ауылындағы дәрігерлік амбулаториясымен қоса, 15 төсек-орынға арналған ауылдық аурухана. Құрылысы облыстық бюджет есебінен қолға алынған медициналық мекеме де осы жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Биылғы «Руханият жылында» Қызылорда облысының өнер және мәдениет саласында жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарланғаны белгілі. Барлық ауданда 11 млрд 500 млн теңгеге тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалары бар «Руханият орталықтары» салынууда. Орталықтар жыл соңында іске қосылады. Қазір ішкі

және сыртқы сылақ, әрлеу жұмыстары, шатырын жабу қолға алынған.

Айта кету керек, облыс әкімі құрылыстың сапасына баса мән беріп, жұмысты уақыттылы аяқтауды үнемі тапсырып келеді. Сондай-ақ егер кемшілік орын алса, мердігер мекемелер есебінен қалпына келтірілетінін ескертті.

Сапар барысында санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстары да назардан тыс қалмады.

Еске салайық, бүгінде өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Оған сәйкес «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәңгілік бұлақ» тақырыптарында апталық шаралар ұйымдастырылуда.



ЫДЫС-АЯҚ СЫНСА, ҮЙ ІШІНДЕ ЕДІ...

Жаңа заның талабына сәйкес бүгінгі күнге «Қылмыстық кодекстің» 108-1 бабымен 58, 109-1 бабымен 163 қылмыстық іс тіркелсе, оның 100-і әйелдерге қатысты жасалған. Қазір 73-і сотқа жолданып, 4-еуі қысқартылса, қалған 69-на тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

ІІМ Мемлекет басшысының тапсырмасымен құқықбұзушылықтың алдын алудың тұжырымдамалық жаңа бірінғай заңын әзірлеуде. Ол алдағы жылы қабылданады. Онда алдын алу тәсілдерін қайта қарау, осы жұмысқа тартылған адамдар тобын кеңейту, жеке профилактиканың жаңа тетіктері мен құралдарын енгізу, медициналық куәландыру пункттерінің, уақытша

бейімдеу және детоксикация орталықтарының қажетті санын құру көзделіп отыр.

Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылық ешқандай ұлт немесе әлеуметтік жағдай тандамайды. Оған қарсы шаралар әлем елдерінде де өзекті. Сондықтан зорлық-зомбылыққа қарсы 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында акция өтуде. Бұл шара облыста да ұйымдастырылуда.

– Зорлық-зомбылық қоғамда үлкен әлеуметтік мәселеге айналды. Біздің орталық 2017 жылдан бері облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік тапсырысы аясында жұмыс істейді. Орталықтың бағыты – отбасынан, жақын жандарынан

зәбір көрген жандарға көмек қолын созу. Бүгінде жұмыс аясы кеңейіп, әйелдерге 8 бағытта қызмет көрсетеді. Стандартқа сәйкес мұнда уақытша паналайтындарға 6 ай берілсе, 3-4 ай көлемінде бізден қызмет алады. Келетіндердің жасы – 18 бен 30 жас аралығында. Олардың ішінде шаңырақ көтергендеріне 3-7 жыл болғандар бар. Бір қуанарлығы – әйелдердің 98 пайызы өз отбасына оралып, әрі қарай өмір сүріп жатқаны. Өрине 5-10 жыл бойы шешімін таппай келе жатқан отбасылық мәселені аз уақытта түбегейлі өзгертіп жібере алмаймыз. Дегенмен 6 ай ішінде қажетті кеңес алып, отбасылық өмірін жалғастырғандар көп. Бізге келген әрбір отбасымен байланыстамыз, – дейді

«Қамқорлық» дағдарыс орталығының директоры Жандос Тұсғамбетов.

Жыл басынан бері 190 адам орталықтың көмегіне жүгінген, бұл – 46 отбасы, оның ішінде бала саны – 144. Араға бірнеше жыл салып қайта түсетіндер де бар. Оның себебін мамандар асығыс шешім қабылдаудың салдары деп түсіндірді.

Жалпы бұл мәселеге белгілі бір күн немесе акция аясында ғана назар аудару жеткіліксіз. Тұрмыстық тауқыметке түскен кез келген адамға қолдаудың маңызы зор. Ол үшін айналыңыздағы адамдардың өміріне бейжай қарамаңыз болғаны.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ТҮРКІСТАНДАҒЫ «ARAL-2024» SAMMITI

Саммитте күн тәртібіндегі экологиялық мәселелерді шешу жолдары және солардың түйінін тарқатудағы жасылдар партияларының рөлі сараланды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясының ықпалы да талқы тақырыбына айналды. «Байтақ» партиясы қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға серпін беретін бастаманы қолдап, өз үлесін қосып келеді.

Саммиттің ашылуында сөз алған «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев су қауіпсіздігі Орталық Азиядағы ең өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті.

– БҰҰ деректері бойынша, 2050 жылға қарай Орталық Азия халқының саны 90 миллион адамға жеткен кезде су тапшылығы 25-30 пайызға дейін болуы мүмкін. Сонымен қатар, егіншілікке пайдаланылатын су ресурстарына қажеттілік 2030 жылға дейін 30 пайызға артуы ықтимал. Бұл экономикалық көрсеткіштер мен азаматтардың табыс деңгейіне де кері әсерін тигізеді.

Су тапшылығы мәселесі аймақта қалыптасқан тұрақсыздық, әсіресе сыртқы күштердің араласу қаупін туындатады. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері арасында су және климаттың өзгеруі мәселелері бойынша бірлескен ынтымақтастықты және өңірлік интеграцияны белсендіру қажеттілігі туындап отыр. Аймақ елдері серіктестік пен тату көршілік жолын ұстануы тиіс, – деді А.Әміртаев.

Сонымен қатар, ол партияның Қазақстан гидросферасын сақтауға қосқан үлесіне тоқталды. Мысалы, су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша семинарлар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде, Арал және басқа өңірлерді көгалдандыру жобаларын жүзеге асыруда, сондай-ақ ағынды және ластанған суды тазарту мен қайта пайдалануда жаңа технологияларды енгізуде.

мен өзгерістерді халыққа жеткізуде «жасыл» партиялардың рөлі зор екенін атап өтті. Су тасқыны сияқты табиғи апат 50 жылға жетпей қайта қайталанады, ал кейіннен бұл құбылыс қалыпты жағдайға айналуы мүмкін. «Жасыл» партиялар – ғылымды халыққа түсіндіретін, апаттардың алдын алуға көмектесетін маңызды күш-құрал.

– «Росгидрометтің» деректері бойынша, Қазақстанмен шектесетін Ресей облыстарында жазда жауын-шашын мөлшері азаяды. Қалмакия, Астрахань және Волгоград облыстары мен Дағыстанда шөл және жартылай шөл аудандарының аумағы жыл сайын 500 шаршы шақырымға ұлғаяды. Біздің ойымызша, Орталық Азияда КСРО-дан мұраға қалған гидротехникалық жүйені кеңейту жұмыстарын дереу бастау қажет. Бұл жүйе қазіргі және болашақ климаттық жағдайларға бейімделмеген. Жаңа су қоймаларын және осы су қоймаларын байланыстыратын жаңа каналдар салу қажет, – деп атап өтті.

Өз баяндамасында А.Кудзагова атом энергетикасын дамытуды қолдау және оның артықшылықтары туралы да айтты. Бұл тек экономикаға ғана емес, сонымен бірге су мәселелерін шешуге де ықпал етеді.

Монғолияның «Азаматтық ерік» Жасыл партиясы төрағасының орынбасары Тогоочийн Бат-Эрдэнэ «Жасыл синергия: өңірлік экологиялық мәселелерді шешу және ынтымақтастық мүмкіндіктері» тақырыбында баяндама жасады.

Өзбекстан экологиялық партиясы атынан партияның Орталық кеңесі атқарушы комитетінің бөлім жетекшісі Комилжон Жураев сөз сөйледі. Ол партияның ауаның ластануын болдырмау, биологиялық әртүрліліктің қысқаруын азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша ауқымды жұмыстарына белсенді қатысып отырғанын атап өтті.

– Бүгін І Жасыл партиялар саммиті аясында біз барлық қатысушылар-



Ал Қырғызстан «Жасылдар» партиясының төрағасы Еркін Бөлекбаев аймақ республикалары үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде өзекті мәселе екенін атап өтті.

– Қырғызстан «Жасылдар» партиясы экологиялық мәселелердің салдары экожүйелер мен халық денсаулығына қазірдің өзінде әсер етіп жатқанына алаңдаушылық білдіреді, – деді Е.Бөлекбаев.

Спикердің айтуынша, бүгінде Қырғызстанда қоршаған ортаны қорғау тек коммерциялық мүдделер мен бауды көздейтіндердің қысымына төтеп бере алмай отыр. Адам факторы мұздықтардың еруіне әкеліп, ерекше алаңдаушылық туғызуда. Болжамдарға сәйкес, 2025 жылға қарай Қырғызстандағы мұздықтардың ауданы орта есеппен 30-40%-ға қысқаруы мүмкін. Қазірдің өзінде шамамен 604 мың қырғызстандық ауызсу тапшылығын сезінуде.

– Бұл – мемлекеттің экологияға жауапты органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмай отырғанын тағы бір рет дәлелдейді. Табиғатты қорғау қызметінің жеке-кеңеңе бағыттары мүлдем іске аспай жатқанын, жалпы көптеген олқылық жіберілгенін сарапшылар айтаудың ақ айтып келеді. Қырғызстан су ресурстарын тұрақты басқару және климаттың өзгеруіне бейімделу үшін инновациялық технологиялар мен халықаралық ынтымақтастықты пайдалану мүмкіндіктеріне ие. Су мәселелері бойынша өзара әрекеттестік Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ерекше маңызды, – деді ол.

Ресейдің «Жасылдар» экологиялық партиясының тең төрайымы Александра Кудзагова табиғатта болып жатқан ауқымды үдерістер

ды тек табиғатты ғана емес, адам тағдырын да бұзатын экологиялық апаттардың алдын алу үшін күш-жігерді қолдауға шақырамыз. Арал апаты, оның салдарын біз Өзбекстан жаксы білеміз, баршамызға сабақ болуы керек. Тек бірлескен әрекеттер арқылы климаттық өзгерістердің салдарын жеңілдетіп, биологиялық әртүрлілікті сақтай аламыз. Біздің ойымызша, Өзбекстан экологиялық партиясы болашақтың жасыл дамуға тиесілі екеніне сенеді. Жасыл даму бейбітшілікті нығайтады, үйлесімділікті қамтамасыз етеді және барлық халықтың гүлденуі үшін тұрақты негіз қалайды. Табиғат үшін, бейбітшілік үшін және болашақ үшін бірігейік, – деді ол.

Іс-шараның қорытындысында спикерлер «ARAL-2024» жасыл партиялардың І саммиті экологиялық мәселелердің ауқымын түсініп қана қоймай, сондай-ақ бірлескен тиімді ынтымақтастық үшін платформа құруға арналғанын атап өтті. Олар тек бірлесе отырып қана климаттық сын-кәтерлерді шешуге, экожүйелерді нығайтуға және табиғи байлықты сақтауға қалам жасауға болатынын айтты. Жиналғандар қазақстандық «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы А.Әміртаевтың жасылдар саммитін тұрақты негізде өткізу қажеттілігі туралы мәлімдемесін қолдады.

Саммит барысында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Монғолия жасыл партиялары арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Атап айтқанда, тараптар табиғатты қорғау шараларын өткізу, халық арасында экологиялық білім мен үгіт-насихатты бірлесіп кеңейту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы тәжірибе мен білім алмасу жөнінде келісімге келді.

«СБ» ақпарат

/// ФОРУМ

«БРЕНДКЕ БІР ҚАДАМ» – БІРЕГЕЙ ЖОБА

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты «Анаға тағзым» орталығында «Brendke big qadam» тақырыбында республикалық форум өтті. Форумда Сыр өңіріндегі креативті индустрия саласының дамуы мен жұмыс бағыты, креативті кәсіпкерлерді қолдау мақсатында іске асып жатқан жобалар, алдағы жоспарлар талқыланды.

Іс-шараға Мәдениет және ақпарат министрлігі креативті индустриялар департаментінің басшысы Гүлсхан Нахбаева, «Апапат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов, «Атамекен» ҰКП Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхамед Сыздықов, сонымен қатар, Түркістан, Тараз, Алматы қалаларынан делегаттар қатысты.

Форум жұмысын ашып, креативті индустрия саласындағы жаңашылдықтарды көпшілікке түсіндірген Гүлсхан Сайфулинқызы осы бағытта жүзеге асырылған жаңа жобалардың заман талабына сай сұранысқа ие болып отырғанын, сол себепті көзін тапса, креативті индустрияның елімізге экономикалық тұрғыда тиімді екенін атап өтті. Бұл бағытта Сыр өңірінде біршама жаңа бастамалар жүзеге асырылып жатқанын, оларды әрі қарай дамытуға мүмкіндік мол екенін айтты.

Креативті индустрия бағытында қолға алынған игі жобалардың бірі – ақпан айынан бастау алып, кәсіпкер мен тұтынушы арасында алтын көпір болған «Brendke big qadam» сауда көрмесі. Жиында «Qazaq brand» өнімдерінің авторы, дизайнер Айман Абди, ұлттық нақыштағы жол сөмкелерін дайындайтын кәсіпкер Мира Исабаева сөз алып, аталған жоба нәтижесіндегі жетістіктерін айтып, тәжірибелерін бөлісті. Олардың айтуынша, қазір туристердің ғана емес, жастардың, тіпті қарапайым жұртшылықтың да креативті бұйымдарға қызығушылығы жоғары. Өйткені жеке кәсіп иелерінің көпөнер бұйымдарына онлайн байланыс арқылы шетелдерден де сұраныс түсіп тұрады.

Форумда, сондай-ақ «Анаға тағзым» орталығының креативті бренд өнімі «Өмір иірімдері» тұмары мен «Brendke big qadam» смарт-күнделігінің презентациясы болды. «Creative ideas» конкурсының жеңімпаздары марапатталды. Конкурс нәтижесі бойынша үздік деп танылған 7 жоба бойынша кәсіп-

керлердің тың идеясын іске асыруға инвесторлар қолдау көрсететіні айқындалып, арнайы сертификат табысталды.

Форум аясында өткен пленарлық сессия жұмысы «The one system» компаниясының негізін қалаушы Аслан Жұмабаев пен Қорқыт ата атындағы Қызылорда универ-

ситеті «Жасанды интеллект» институтының директоры Нұрлан Құлмырзаевтың дәрістерімен жалғасты. Форумға Алматы қаласынан арнайы қатысқан Аслан Нұрланұлы қызылордалық кәсіпкерлерге бизнесті жүйелеудің тиімді тұстары жөнінде әңгімелесе, Нұрлан Серікұлы жасанды интел-

лектің көмегімен кәсіп көкжиегін кеңейтудің қарапайым әдіс-тәсілдерін кенірек түсіндірді.

«Анаға тағзым» орталығының басшысы Алғайым Молжанованың айтуынша, жалпы жұмысының бір бағытын креативті индустрияға бейімдеген орталық 9 айдың ішінде қызылордалық кәсіпкерлер мен көлөнер шеберлерін қолдайтын ашық алаңға айналған.

Айталық, бүгінге дейін орталық бастамасымен креативті индустрия бағытында 8000-ға жуық адамды қамтыған 50-ден аса іс-шара ұйымдастырылған. Оның ішінде «Этно Fashion» облыстық сән үлгісі фестивалінің орны бөлек. Фестивальда жергілікті дизайнер-тігіншілер ұлттық құндылықтарды айшықтап, 17 кәсіп иесінің 150-ден аса креативті киім үлгісі көпшілік назарына ұсынылды. Кәсіпкерлердің қаржы-экономикалық, құқықтық сауаттылығын арттырып, өнімдерін жарнамалау бағытындағы «Brendke big qadam» сауда көрмесінде 20-дан астам кәсіпкердің өнімдері тұтынушыларға ұсынылды. Жалпы осы жоба нәтижесінде өңір кәсіпкерлері 9 айда 30 млн теңге қаржы тапқан.

Гәзиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// САЙЫС



КӨРКЕМСӨЗ – КӨШЕЛІ ОЙДЫҢ КӨРКІ

Жастарды кітап оқуға баулу, қазақы қоңыр әңгіме айтуға тәрбиелеу сөздік қорын қалыптастырмақ. Бұл жастарды әдеби тілде көркем сөйлеуге үйретеді. Осы үдені мақсат еткен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» атты сөз сайысын өткізді.

Байқауды қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Өнер сайысына әдебиетке құштар 12 жас талапкер қатысты.

Сайысты ақын, А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінің жетекшісі, жоба авторы Мамыр Байдәулетов, жырыш, Мәдениет саласының үздігі Аманжол Бүрлібаев, «Серпер» сыйлығының иегері, қалалық «Жастар» театрының директоры Нұрмат Мансұров бағалады.

Қатысушылар қазақ өнерінің жарқын өкілі Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасы, ақын, аудармашы Тұрмағанбет Ізтілеуұлының «Рауабану» дастаны, Сыр шайыры Омар Шорақжұлының «Жарлы Тәліп» дастандарын баяндады.

Әр талапкер дауыс мәнері мен оқу шеберлігін үйлестіру арқылы көрермен көзі-айымына айналып жатты. Қазақы танымда қоңыр әңгіме айту, әдеби тілде көркемдеп сөйлеу кемшіл қалып баста жатқаны жасырын емес. Осы дәстүр сабақтастығын қайта жаңғырту арқылы жастардың ой-санасын оятып, таным көкжиегін кеңейте аламыз.

– Қазақтың дәстүр сипатында қоңыр әңгіме айту деген ұғым бар. Қазір көбіміздің айтып жүргеніміз – әңгіме емес, ақпарат ғана. Әңгіме дегеннің тәлім-тәрбиесі, ғибраты және басы мен соңы, тыңдаушы тараптың өміріне

рухани азық болатындай, болашағына бағыт-бағдар сілтейтіндей тұшымды түйін болады. Біз қоңыр әңгіме айту арқылы жас балаларды жақсы жолға нұсқаймыз. Биылғы байқау қатысушыларына үш дастан айту талабын қойдық. Дастанды әңгіме түрінде айтқызып, соны сараладық. Мақсатымыз – жастардың әңгіме айту жүйесін қалыптастыру. Бесік жырын айтатын ана, әулетіне ақылышы боларлық қария жоқ деп жатамыз. Сол олқылықтың орнын толтырып, дәстүрді жаңғыртуымыз керек деп қолға алдық, – дейді жоба авторы.

Байқау нәтижесімен бас жүлдені Жалағаш ауданынан Ақбота Жәлі, бірінші орынды Қызылорда қаласы №136 мектеп оқушысы Нұрәли Қанжаров, екінші орынды Шиелі ауданынан келген Шаттық Әбдірашит, үшінші орынды Қазалы ауданы «Лакаль» ауылынан Гүлзар Қасым мен Қызылорда қаласы «Қаз-білім» ұлттық мектебінің оқушысы Ақниет Жанұзақ иеленді.

Қызылорда қаласы Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының оқушылары Ақжол Мүсілім арнайы «Маржан сөз, қоңыр ұн», Құрманай Әбілмансұр «Талаптың мініп түлпарын» номинациясына ие болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы диплом, Алғыс хаттармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

/// МОЛШЫЛЫҚ



ЖӘРМЕҢКЕ ЖАЛҒАСУДА

Сенбі күні қаланың екі аумағында Жалағаш және Арал аудандарының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Оған қала тұрғындары қатысып, тиімді бағада азық-түлік қорын молынан алды.

Жәрмеңке облыс орталығында әр сенбі күні тұрақты ұйымдастырылып келеді. Алтын күзде жиналған мол өнімді шаруалар осылайша халыққа ұсынууда.

Жалағаш ауданының шаруалары 45 жүк көлігімен 150 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізді. Атап айтқанда, 40 тонна күріш, 3 тоннадан астам ет пен балық, 1 тоннадан астам сүт өнімдері, 40 тонна картоп, 10 тонна сәбіз, 20 тонна пияз, 10 тонна асқабақ, 12 тонна көкөніс, 4 тонна қызылша базар нарығынан 15-20 пайыз арзан бағада саудаланды.

Қала тұрғыны Самал Сәрсенбаева жәрмеңкеге көкөніс, ет, сүт өнімдерін алу үшін келеді.

– Бұл – дикандардың еңбегі ақталар кез. Ауылдан сарқыт келетіндей әр жәрмеңкені тосамыз. Қазір базарға сирек барамын. Қысқа қамданып, күріш, асқабақ, ара балын және тосаптар алдым. Бағасы қалтаға қонымды әрі табиғи өнім. Көкөніс пен жеміс-жидекті де қаптап алып жатырмын, – дейді ол.

Бұдан бөлек, жәрмеңке С.Торайғыров көшесінің бойында Арал ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен жалғасты. Аралдық шаруалар 30 тоннадан астам азық-түлікті тұрғындарға арзан бағада ұсынды. Жәрмеңкеде адам қарасы көп болды.

«СБ» ақпарат



Әлімжан ҚИАС,
Қазыла ауданы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.